



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

маман болуға тәрбиелеп отыр. Бұл құбылыс өз кезегінде қоғамдық құрылымдағы қарым-қатынастар шеңбері аясының тарылуына ықпалын тигізуде.

Қолданылған әдебиеттер

1. Безрукова О. Н. Ценности родительства: структура, типы, ресурсы // Социологические исследования. 2016. № 3. С. 118-127.
2. Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы, <http://adilet.zan.kz/kaz/doscs/U1600000384>

ӘОЖ 316. 62

ШИЕЛЕНІС ӘЛЕУМЕТТІК ПСИХОЛОГИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕСІ РЕТІНДЕ

Телегенова Гульнара Талгатовна

gulna_ra_88@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ психология магистрі, Астана, Қазақстан

Қабасова Айым Даниярқызы

a.kabasova@mail.ru

Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, биотехнология мамандығының студенті,
Қарағанды, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Г.Қ. Айқынбаева

Қоғамдық еңбек бөлінісінде, меншік қатынастарында, билік жүйесінде, материалдық игіліктерді иемденуде адамдардың арасында теңсіздік әрдайым орын алады. Барлық адамдарды теңестіретін қоғам орнату мүмкін емес.

Ресей ғалымы А.Т.Здравомысловтың қоғамда белгілі бір топтың азық-түлікке, тұрғын үй, еңбек етуге, әлеуметтік бостандықтары мен құқықтар деген қажеттіліктері қанағаттандырылмайды. Әрине, адам лайықты өмір сүруге ұмтылады. Бұл аталған қажеттіліктер мүддеге айналады, мүддесі ортақ адамдар топталып билікке, байлыққа қол жеткізу үшін басқалармен бәсекеге түседі. Ал, бәсекелесу қақтығысуға ұласады деп түсіндіреді. Көрнекті әлеуметтанушы П.А.Сорокин кез келген әлеуметтік төңкерістің басты себебі, халықтың көпшілік бөлігінің өмір сүруге керек басты қажеттіліктерінің қанағаттандырылмауынан екендігін атап кеткен [1,2].

Шиеленісті жағдай еңбекке, жанұяға, өнерге, спортқа әлеуметтік институттарға байланысты адам ой-пікірлерінің, құндылықтарының қарама-қарсы болуынан келіп шығады. Құндылықтардың бағытына байланысты туатын даулы, шиеленісті жағдайлар экономика, саяси, әлеуметтік-психологиялық және рухани салаларда орын алады. Адамдар арасында алауыздық тудырып, әлемдік масштабтағы қақтығысқа көбінесе идеологияның қарама-қарсылығы себеп болады. Кей жағдайда адамдар арасындағы, тіпті, мемлекеттер арасындағы даулы, шиеленісті жағдайды діни нанымдардың айырмашылығынан деп білетін қате топшылаулар, қанқу сөздер айтылып жүр. Ешбір дін қантөгісті, соғысты уағыздамайды. Көбінесе ой-өрісі тар саясаткерлер, белгілі бір топтар өздерінің жеке мақсаттары, пайдалары үшін елдің мұң-мұқтажын желеу етеді. Арандату әрекетін іске асырады Міне, осы жағдайды естен шығармау керек.

Қоғам өмірінде кездесетін шиеленісті, даулы жағдайлар тек объективті себептерге ғана байланысты емес. Кей жағдайда адамдар арасындағы дау-жанжалдар сол адамдарға байланысты субъективтік себептерден де болады. Яғни адамдардың мінез-құлық ерекшеліктері, көңіл-күйлері, талғамдары, т.с.с. байланысты. Батыс әлеуметтанушылары шиеленістердің көпшілігі адамдар санасына байланысты туындайды деген пікірде. Жеке адамдардың, топтардың арасындағы қақтығысулар ақпараттың жетіспеуі мен сапасыздығынан, қарым-қатынас жасаудағы қиындықтардан да болады.

Адамзат қоғамында шиеленістердің сан алуан түрлері кездеседі. Сол себепті бұл құбылысты түрліше жіктеу бар. Мәселен, Р.Дарендорф шиеленістерді жіктеуде әлеуметтік қауымдастықтың көлемі мен субъектілердің әлеуметтік рөлдерін негіз етіп алады. Бұл өлшемдер бойынша автор шиеленістерді жанұядағы ұрыс-таластан бастап әлемдік көлемдегі саяси шиеленістерге дейінгі 15-ке жуық түрлерін атап көрсетеді [3].

Бірқатар әдебиеттерде бұл қоғамдық құбылысты субъектілеріне қарай жіктеу ұсынылады:

1. *Жеке адамның өзімен өзінің келіспеуі.* Яғни, бұл адамның психологиялық көңіл күйі. Мұндай жағдай адамның белгілі бір рөлді атқарудағы қиналуынан, сол сияқты басқа біреуге шамадан тыс тәуелді болуынан келіп шығады. Адамның мұндай көңіл-күйде болуы басқаларға да әсерін туғызады. Өйткені кейде жекелеген адамдар өз бастарындағы қиындықтың себебін басқалардан деп түсінуі кездеседі.

2. *Жеке тұлғалар арасындағы шиеленістер* екі немесе одан да көп адамдар арасында болады. Мұндай шиеленістер өмірде жиі кездеседі.

3. *Топаралық шиеленістер* – мүдделері қарама-қарсы әлеуметтік топтар арасында орын алады.

4. *Сыртқы ортамен шиеленіс* белгілі бір топты құрайтын индивидтерге сырттан қысым жасалатын кезде пайда болады.

Яғни, жоғары жақтан берілетін бұйрықтар, қабылданған ережелер әлгі топтың мүдделеріне қарама-қайшы болатын жағдайдағы шиеленіс. Мұндай жағдайда топ адамдары әлгі бұйрықтар мен ережелерді қолдайтын институттармен шиеленіске түседі.

Ресей шиеленістанушысы А.Г.Здравомыслов әлеуметтік шиеленістерді орын алу салаларына қарай жіктеуді ұсынады. Біздің ойымызша, осылайша жіктеу икемді де ыңғайлы, әрі түсінікті болады. Автор әлеуметтік шиеленістерді экономикалық, саяси, ұлтаралық және мәдени шиеленістер деп жіктейді.

1. *Саяси шиеленістер* демократиялық қоғамдағы қалыпты құбылыс. Шиеленістің бұл түрі билік, ықпал, бедел сияқты мәселелерге байланысты туады. Саяси шиеленістер ашық немесе жасырын сипатта болуы мүмкін. Кей жағдайда шиеленістер өрбіп, кетеріліс, жаппай қозғалыс немесе азамат соғысы сияқты кең көлемді қоғамдық оқиғаларға ұласуы да мүмкін.

2. *Ұлтаралық шиеленістер* көпұлтты мемлекеттердегі ұлттық, этникалық топтардың өз құқықтары мен бостандықтарына қол жеткізуге бағытталған күрес негізінде болады. Көпшілік жағдайда ұлттардың мәртебесіне, сол сияқты территория мәселесіне байланысты да болады. Ұлтаралық шиеленістердің саяси сипатта болуы әбден мүмкін. Мәселен, 1986-шы жылғы Алматыда болған "Желтоқсан оқиғасы" қазақ ұлтының тәуелсіздігі, құқығы үшін ғана емес, сол кездегі саяси жүйеге қарсы бағытталған қозғалыс еді.

3. *Экономикалық шиеленістер* жекелеген индивидтер мен әлеуметтік топтардың өмір сүру жағдайларына, . айтқанда, еңбекақы, тұрмысқа қажет заттардың бағасы, қоғамдағы байлық пен ресурстарды бөлу мәселелерінен келіп шығады. Шиеленістің бұл түріне біз кейінірек арнайы тоқталамыз [4].

Шиеленістерді басқа да жіктеудің жолдары бар. Мәселен, мерзіміне қарай: қысқа мерзімді және ұзаққа созылатын шиеленістер деп жіктеу; және ресурстарына қарай материалдық, рухани және әлеуметтік деп жіктеу бар.

Еуді, әлеуметтік шиеленістердің қызметтеріне келсек, ғылыми әдебиеттерде бұл құбылысқа екі түрлі көзқарас тұрғысынан қарау бар. Біріншісі — шиеленісті қоғам үшін пайдалы, жағымды құбылыс деп бағалау; ал, екіншісі шиеленісті кері, жағымсыз құбылыс ретінде бағалау. Бірінші аталған парадигма шиеленістің қоғам дамуындағы заңды құбылыс екендігін мойындаудан келіп шықса, екіншісі —оны қоғам өміріндегі аномалия ретінде қабылдаудан туындайды.

XX ғасырдың 50-ші жылдан бастап Батыс Еуропа мен АҚШ-тың ғалымдары әлеуметтік шиеленістердің атқаратын қызметін жағымды, қоғам үшін пайдалы деп атап көрсетті. Мәселен, Л.Козер (АҚШ) шиеленістер әлеуметтік жүйені тоқыраудан сақтайды деген. Бұл құбылыс қоғамның тазаруына, ілгерілеп дамуына ықпал етеді, соның нәтижесінде қоғамның

өміршендігі қамтамасыз етіледі дейді. *Шын мәнісінде, әлеуметтік шиеленістер жағымды қызмет атқарады, олар:*

1. *Ақпараттық-танымдық қызметі.* Яғни әлеуметтік шиеленістер қоғам өміріндегі шешілуі қажет түйінді мәселелер туралы, қалыптасқан қайшылықтар туралы ақпарат береді. Сонымен қатар шиеленісті жағдайда әр жақтың адамдары өздерінің және қарсы жақтың мүдделерін айқын сезінуге мүмкіндік алады. Өзара пікір-талас, қызу айтыс кезінде айқындыққа қол жеткізу мүмкіндігі туады.

2. *Әлеуметтік шиеленістердің* келесі бір жағымды қызметі интегративтік деп аталады. Бұл қызметтің мәні — шиеленістің пайда болуы, дамуы және оның дұрыс шешімін табуы барысында адамдардың белгілі бір әлеуметтік тобының тығыз топтала түсуімен түсіндіріледі. Соның нәтижесінде қоғамдық қатынастар үйлесімге келіп, қоғамда белгілі бір деңгейде тепе-теңдіктің орнауы қамтамасыз етіледі. Бұл жерде мынадай мәселені де естен шығармау керек. Қоғамда түрлі деңгейде болып тұратын шиеленістер адамдарды топ шеңберінде топтастырып, біріктірумен қатар қоғамдық қатынастырдың бұзылуына, әлеуметтік құрылымдардың жіктелуіне де әкеледі. Дәлірек айтсақ, шиеленістердің интегративтік қызметімен қатар, қоғамда жік туғызу, әлеуметтік жүйеде түрлі топтардың пайда болуына ықпал ететін де жағы бар екендігін естен шығармауымыз керек.

3. *Шиеленістердің серпінділігі* деп аталатын жағымды қызметі бар. Яғни, шиеленісті, даулы мәселелерді шешу нәтижесінде әлеуметтік жүйенің, жалпы қоғамның сапалы, мәнді өзгерістерге қарай дамуына жол ашылады. Шиеленістер неғұрлым көлемді, тереңірек болса, олардың әлеуметтік процестерге тигізетін ықпалы да соғұрлым күштірек болады [5].

Әлеуметтік шиеленістердің жағымды жақтарымен қатар олардың кері, жағымсыз да салдары бар екендігін баса айтқанымыз жөн. Күнделікті өмірде кездесетін дау-жанжалдар, қақтығыстар адамдар арасында өшпенділік туғызады, тіпті қантегіске де ұшыратуы әбден мүмкін. Сонымен қатар қоғамның тұтастығына, бірлігіне де шек келтіреді. Ұзаққа созылған, ауқымды шиеленістер кең көлемді материалдық шығындарға ұшыратады.

Әлеуметтік шиеленістерді күрделі әлеуметтік процесс ретінде түсіну керек. Бұл құбылыстың даму барысын мынадай сатыларға бөліп қарауға болады:

Шиеленістің бейбіт кезеңі. Шиеленістің бастапқы кезеңі немесе оны өзара қақтығысуға дейінгі кезең деп те атауға болады. Бұл сатыда екі қарама-қарсы жақтың арасындағы қайшылық барынша өршиді. Субъектілер бұл уақытта нақты іс-әрекетке көшпес бұрын өз ресурстарын (яғни мүмкіндіктерін) шамалайды. Ондай ресурстарға материалдық құндылықтар, ақпарат, билік, мәртебе, сыбайластар, жақтаушылар, т.б. жатады. Бұл кезеңде, сонымен қатар, әр жақ өздерінің мүмкіндіктерін бір араға шоғырландырып, топқа біріге бастайды, іс әрекетке көшудің стратегиясын айқындайды. Бұл — шиеленістің бейбіт кезеңі.

Шиеленістің қақтығысу кезеңі. Қарама-қарсы жақтардың қимыл-әрекетке көшуіне белгілі бір жағдай түрткі болады. Кейде шиеленіс көп ұзамай аяқталуы да мүмкін. Оның себебі, бір жақтың күші басым түсіп, жеңіске жетеді де қақтығыс тоқтайды. Екінші бір жағдайда субъектілер сол бастапқы қақтығысу кезінде-ақ өзара келісімге келулері мүмкін. Алайда, барлық шиеленістердің тез арада шешімі табылып, қысқа мерзімде аяқтала бермейді. Көп жағдайда шиеленіс ұзаққа созылады. Әсіресе, ұлтаралық, саяси сипаттаған шиеленістер ұзақ уақытқа созылады. Мұндай шиеленістерде өткір қақтығыс кезеңінен кейін уақытша тыныштық орнап, көп ұзамай бұл қақтығыс тағы қайталанады. Кейде екі жақтың арасындағы күрес барынша күшейіп, сатылай өрлей түсуі мүмкін. Мұны шиеленістің эскалация кезеңі дейді. Осылайша өрлей келе шиеленіс өзінің шарықтау шегіне – кульминациясына жетеді. Нақ осы кезде екі жақтың адамдары да қалыптасқан жағдайдан шығудың басқа жолдарын ойластыра бастайды. Яғни, шиеленістің келесі үшінші кезеңі басталады.

Шиеленісті жағдайдың шешімін табу кезеңі. Субъектілердің арасындағы қақтығыстың тоқтауымен шиеленіс аяқталады. Алайда, бұл жағдай көпке созылмай, шиеленіс қайта басталуы мүмкін. Шиеленіс толық шешімін тапқанда ғана, оның толық аяқталуы қамтамасыз етіледі. Әрине, бұл қоғамдағы барлық шиеленістер толық шешіліп, келісім орнайды деген

сөз емес. Өмірде екі жақтың уақытша келісімге келуі немесе жартылай шешімі табылатын шиеленістер жиі кездеседі.

Сол сияқты шиеленісті күшпен басып тастау да жиі орын алатын жағдай. Мұны шиеленістің шешілуі деп түсінбеу керек. Р.Дарендорф атап көрсеткендей, басып тасталған шиеленіс қатерлі ісік тәрізді, оның асқынуы әбден мүмкін. Әлеуметтік шиеленісті толық шешу үшін оны туғызған себептерді жою керек. Бұл жерде айта кететін бір жағдай – субъективтік себептерден туындайтын шиеленістерді шешудің қиындығы. Эмоцияға байланысты шиеленістер толық шешілуі үшін екі жақтың адамдарының бір-бірлеріне деген көзқарастары толық өзгеруі керек. Ол үшін қарама-қарсы жақтың адамдары бір-бірлерін "бітіспес жау" деп санамай, керісінше, әріптес ретінде қабылдайтындай қарым-қатынас орнауы керек.

Шиеленісті шешудің келесі бір жолы – субъектілердің өзара келісімге келіп, іс-әрекетті тоқтатулары арқылы жүзеге асады. Жағдай мына себептерге байланысты болды:

- 1) Екі жақтың ресурстарының азаюына байланысты;
- 2) Екі жақтың біреуі күресті әрі қарай жүргізу нәтиже бермейтіндігін түсініп, өз іс-әрекетін тоқтаты;
- 3) Қақтығыс сол сияқты қарсыласты толық жою арқылы да аяқталады.

Шиеленістердің толық шешімі табылып нәтижелі аяқталуы үшін: біріншіден, оны туғызған басты себепті уақытында және дәл анықтау қажет. Екіншіден, қайшылықты, алауыздықты жоюға қарсыласушы екі жақ та мүдделі болуы шарт. Шиеленістің процесті басқаруы, дәлірегі оның барысына ықпал ету мүмкін екендігін бітлгеніміз жөн. Бұл процесті басқарудағы басты міндет — шиеленістің асқынуына жол бермеу және оның кері кетіретін нәтижелерін кеміте түсуге ұмтылу. Әлеуметтік шиеленістерді шешудің тиімді жолы – үшінші жақтың көмегін пайдалану. Әрине, бұл жерде үшінші жақтың ұстайтын позициясына көп нәрсе байланысты. Мәселен, кейде үшінші жақ қақтығысушылардың бір жағын қолдап, солардың басымдылығына мүдделі болса, шиеленіс күштеу арқылы немесе әлеуметтік қысым жасау арқылы аяқталады.

Субъектілерге байланысты бейтарап позиция ұстайтын – сот, арбитраж және меднация сияқты келіссөз процестерінің ерекше түрлеріне жататын үшінші жақтың көмегімен шешу.

Шиеленісті құрайтын элементтерге келсек, олар төмендегідей:

1. Шиеленісті жағдай қарама – қарсы жақтардың арасында болады. Олар кем дегенде екі жақ болуы мүмкін. Бұларды шиеленістің субъектілері деп атайды, оларға жекелеген индивидтер, әлеуметтік топтар, әлеуметтік жіктер, саяси партиялар, т.с.с. жатады. Сол сияқты шиеленіске оның негізгі субъектілерінен басқа да адамдар араласуы әбден мүмкін. Бұлар – екі жақтан қолдаушылар, арашашылар, ақыл – кеңес берушілер немесе тіпті кінәсіз құрбандар да болуы мүмкін. Шиеленістің субъектілерін бұл аталғандардан айыра білген жөн. Шиеленісті жағдайда субъектілердің әлеуметтік және психологиялық сипаттамалары басты роль атқарады.

Әлеуметтік сипаттамасы деп отырғанымыз, олардың әлеуметтік жағдайлары, қызмет жағдайлары, атқаратын кәсіптері, беделдері т.б.

Ал, *психологиялық сипаттамасы* дегеніміз, жекелеген адамдардың мінез – құлықтарындағы ерекшеліктері. Мәселен, өмірде басқа адамдармен келісімге келе бермейтін, бар мәселелерді ұрыс – таласпен шешуді қалайтын «қиын» мінезді адамдардың болатыны белгілі. Мұндай адамдар шиеленістің басталуына оның барысы мен нәтижесіне елеулі ықпал ететіндері сөзсіз.

Шиеленіс орын алуы үшін қарама – қарсы жақтардың арасындағы қайшылық шегінен шығып, асқынуы қажет. Ал, қайшылық екі жақтың мүдделері мен мақсаттарының айырмашылығынан немесе қарама – қарсылығынан туындайды. Қоғамдағы жеке адамдардың, әлеуметтік топтардың, таптардың мүдделері бір – бірімен қатыса бермейді. Шиеленісті жағдайды көбінесе мүдделердің қақтығысуы ретінде түсіну керек. Американдық авторлар Р.Фитермен У.Юри шиеленіс дұрыс шешімін табуы үшін ең алдымен екі жақты

білімге келтірудің қажеттілігін айтады. Шиеленісті жағдайда субъектілер мақсат, мүдделерінің қарама – қарсылығын айқын сезінеді.

Екі жақты арасында қарама – қайшылық асқынып, субъектілер тікелей іс - әрекетке көшкен кезде шиеленістің қақтығысу кезеңі басталады. Яғни, екі жақ та бірдей іс - әрекетке көшеді. Әр жақ өзіне қарсы жақтың іс - әрекетіне тойтарыс беруге тырысып, барынша батыл қимыл жасайды, өз мақсатына жетуге тырысады [6].

Кеңестік психологиясында Н.В.Гришин шиеленістік мінез-құлыққа тұлғалық бейімділікті зерттеу үшін тестті бейімделген. Шиеленістік құбылыстарды зерттеу бағытында К.Томас шиеленістер туралы қалыптасқан пікірлерді өзгертуге көңіл бөліп, «шиеленісті шешу» ұғымын конфликтілерді шешу немесе жою мүмкін және қажет екенін дәлелдеген. Шиеленістерді шешу мақсаты адамдар толық түсіністікте жұмыс істейтін идеалды шиеленіссіз күй болып табылады. Бірақ шиеленістерді шешу саласында мамандардың пікірі өзгерді[7].

К.Томастың ойынша бұл екі жағдайға байланысты: шиеленісті мүлдем жою мүмкін еместігін саналы түрде түсіну, оның жағымды қызметтерін көрсететін әдістемелер санының артуы. Сондықтан К.Томас шиеленісті мүлдем жоюдан оны басқаруға назар аудару керек деген пікірге келе отырып, оны зерттеуде мына жағдайларға назар аудару керек деп есептеді. Олар: шиеленістік жағдайларда адамдарға мінез-құлықтың қандай формалары тән, олардың қайсысы тиімді және қайсысы тиімсіз болып табылады; тиімді мінез-құлыққа қалай жағдай жасауға болады [8].

Шиеленістерді ескеретін белгілер бар. Олардың арасындағы:

1. *Дағдарыс*- (дағдарыс барысында әдеттегі мінез-құлық ережесі өз күшін жоғалтады және адам өзінің қиялында, кейде шын ісінде шектен шығуға жарамды болады).

2. *Жаңылысу* - (қабылдауда бұрмалауға әкелетін қатысушының біреуінің эмоциялық қауырт-қылық (қобалжуы) қандай да бір жағдаймен байланысты пайда болады).

3. *Оқиға*- (қандай да бір ұсақ-түйек уақытша тыныш кетіреді немесе жай таптырмайды бірақ ол жылдам өтеді).

4. *Кернеу*- (басқа адамның қабылдауын және оның әрекетін бұрмалайтын жағдай, сезім нашар жағына өзгереді, өзара қатынастары үздіксіз аландатады, абыржу пайда болады).

5. *Дискомфорт* (ыңғайсыздық)-(сөзбен жеткізуде қиындық тудыратын көкейкөз, ішінен тынышы қашу, үрей).

Қорыта айытқанда, әлеуметтік шиеленістерді жіктеудің жолдары сан алуан. Шиеленістерді жіктеуде ең бастысы оның дұрыс шешімін табуды басты мақсат ету қажет.

Шиеленістердің қоғамға тигізетін жағымды ықпалымен қатар кері де жақтары бар. Олардың салдарын бір жақты бағалауға болмайды. Сол себептен кез келген шиеленістің салдарына үңілгенде, жағымды, позитивтік жағы басым немесе жағымсыз, негативтік жағы басым деп бағалау орынды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Андреев В.И. Конфликтология. – М., 2015. -23-24с.
2. Дмитриев А.В. Конфликтология: Учебное пособие.--М.: Гардарики, 2001. -45-47с.
3. Гришина Н.В. Психология конфликта.- СПб: Питер, 2000. -123-124с.
4. Конфликтология.- Ростов-на-Дону.,2000. -76-77с.
5. Козырев Г.И. Введение в конфликтологию.-М.: Владос, 2009. -324с.
6. Скворцов М.М. Способы разрешения конфликтов. – М., 1986. -246с.
7. Андреев В.И. Основы педагогической конфликтологии. - М., 1995-134с.
8. Журавлёв В.И. Основы педагогической конфликтологии. – М., 1995. -352с.